

9-апта

№ 17-18 Дәріс тақырыбы Сөздің морфологиялық құрамы мен тұлғасы

1. Жалаң сөздер туралы және түрлері
 - 1.1 Түбір морфема мен негіз туралы
2. Күрделі сөздер: белгілері және түрлері

1. Тілдегі сөздердің тұлғасы әртүрлі. Қазақ тілінде ешбір жұрнақсыз түбір сөз де (ас, жүр), туынды сөз де (тыңда, қайратты), біріккен сөз де (ақбота), тіркесті сөз де (темір жол), қосарланған сөз де (аяқ-табақ), қысқарған сөз де (ҚазҰУ) бар. Міне, осыған орай сөздер алдымен құрамына қарай жалаң сөздер және күрделі сөздер деп екіге бөлінеді.

Қ.Жұбанов өз еңбегінде сөз тұлғаларына қатысты тарауда сөз тұлғасы түрлеріне қарай алты арыс болады десе, А Байтұрсынов «...сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді» деген:

Қ.Жұбанов сөз тұлғасының түрлеріне қарай алты арыс болады	А Байтұрсынов Сүйтіп, сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді:
1.Түбір сөз 2.Қосымшалы сөз 3.Кіріккен сөз 4.Қыйулы сөз 5.Қосар сөз 6.Қосалқылы сөз	1) Түбір сөз; 2) Туынды сөз (туғын сөз; 3) қос сөз; 4) қосалқы сөз; 5) Қосымшалар.

Қазіргі қазақ тілінде алдымен сөздерді жалаң және күрделі деп құрамына қарай топтастырып алып барып, солардың ішінен тұлғалық түрлерін ажыратамыз. **Жалаң сөздер** - құрамында бір ғана негізгі түбір бар сөздер. **Күрделі сөздер** – құрамында кемінде екі негізгі түбір бар сөздер. Мысалы, *бас, басшы* – жалаң сөздер, *ағайын, бүгін* – күрделі сөздер.

Жалаң сөздер іштей екіге бөлінеді: *түбір сөздер* және *туынды түбір сөздер*. Сөздің өз алдына тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі түбір (немесе негізгі түбір, не түбір сөз) деп аталады (А.Ысқақов). К Аханов: «тюркологиялық әебиеттерде лексикалық мағынасы бар, өз алдына дербес қолданылатын және тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алып қарағанда әрі қарай бөлшектенбейтін негізгі морфемалар ғана түбір деп саналып жүр» (32б). Ал түбір сөзге қатысты Қ. Жұбанов мынадай ой айтады: «Сөздің түп мағынасын беретін бөлшегін түп бөлшек немесе қысқартып түбір дейміз.

Айдын көл+де шағала,

Айдын көл+ді жағала, -

дегенде тұлғасы бірде көлде, бірде көлді болып, екі түрде тұрған сөздің екеуінің де түп бөлшегі көл» (Қ. Жұбанов)

Ғалым Қ.Жұбанов *түбір сөз* деген терминді *түп бөлшек* деп те атаған. Қазақ тілінде түбір сөз форма жағынан да, мағына жағынан да өз алдына жеке сөз ретінде қолданылатын дербес сөз болуы шарт. Мысалы, *бес, жаз, айт, ес, жүгір*.

Сонда түбір сөзге тән белгілер: - толық лексикалық мағынасы болуы; - жеке қолданыла алуы; - бөлшектелмеуі не сөздің түпкі бөлшегі.

Бір түбірден өрбіген сөздер **түбірлес сөздер** деп аталады. Мысалы, *бас* – басшы, басшылық, бастық, басқар. Негізгі түбір – *бас*. Осындай әрі түбір, әрі дербес сөз ретінде жұмсалатын тұлғаларды (ас, от, бас, қос) **тірі түбірлер** деп атайды. Тілімізді осындай тірі түбірлермен қатар өз алдына дербес қолданылмайтын, тек көнелеген сөздерде ғана жұмсалатын түбірлер де бар. Мысалы: А.Ысқақовтан: *еңкей, еңкек, еңкіш, еңкіс, еңкеңдеу; момын, момыш, момақан* сөздерін қарасақ, бұлардың *еңк, мом* түбірлерінен тарағаны байқалады. Бірақ олар жеке қолданылмайды, жеке сөз дәрежесіне ие емес, себебі

лексикалық мағыналарынан айырылған. Мұндай түбірлер **өлі түбірлер** деп аталады. Мұны К Аханов сіңісу құбылысының нәтижесі ретінде қараған. *Еттік, ентеле* немесе *жөтел, жөткір* сөздернің құрамында ғана қолданылатын, дербес қолданыла алмайтын *ент, жөт* морфемалары түбір ретінде танылмай, бұл сөздер тұтас қалпында түбір деп қарастырылып жүр дейді. Оларды тарихи тұрғыдан түбір деп тануға болады. К. Ахановта *көр* мен *көз* (кө-түбірі), *бүлік* пен *бүлін* (бүл -түбірі), *семіз* бен *семір*, *жақ* пен *жан* (жа-түбірі) көрсетіледі. Осындай түбірлерді ғалым сіңіскен түбірлер деп атаған.

...*ін* деп мүшелеуге, осыған орай *бүлік, бүлін* дегендерді *бүл* деп қарауға болады. Ал тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алғанда, *бүлік, бүлін* дегендердің іштей морфемаларға мүшеленбей, бір бүтін түбір морфемалар ретінде ұғынылатынын ескеріп, оларды сіңіскен түбірлер деуге болады. Қазіргі тілде *бүлікші, бүліншілік* деген сөздердің түбірлері *бүлік, бүлін*, ал аффикстері *-ші, -шілік* делініп қаралады.

Сонымен, морфологиялық сіңісу процесінің нәтижесінде алғашқы түбір морфема мен аффикстік морфеманың бір-бірімен ажырамастай болып кірігіп, бұл күнде морфемаларға мүшеленбей, бір тұтас морфема ретінде ұғынылатын түбір морфемалар сіңіскен түбірлер деп аталады.

Өлі түбірлер жайлы Қ.Жұбанов былай дейді: «Түбірдің өлісі де, тірісі де болады. Мысалы, *күрес, жарыс* деген түбірлердің соңғысы –с, -ыс дыбысы осы күнде тірі қосымша. Мұны соқ деген түбірге қоссақ, соқ+ыс, айт деген түбірге қоссақ, айтыс болады. Соңындағы –с үстеу болған соң, оның алдыңғысы – түбір болмақ. Сонда *күрес, жарыс* деген сөздердің түбірі *күре, жар* болып шығады. Бірақ қазақ тілі бүгінде *күресу, жарысу* мағынасындағы *күре, жар* деген түбірлерді білмейді. Сондықтан бұларды өлі түбірлер дейміз» (Қ.Жұбанов). Яғни, осы сияқты *момақан* сөзінің түбірі *мом* қандай мағына беретінін білмегендіктен өлі түбірге жатқызамыз.

Туынды түбір деп сөздің негізіне сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған сөздерді айтамыз. Мысалы, *омарташы, білгір*. **Туынды түбір** мен **туынды сөз** ұғымдарын ажырата қараймын. ҚТГ 1-томда (А.Ысқақовта), мысалы, туынды сөз ұғымына негізгі түбір мен сөз тудырушы жұрнақтан тұратын сөздерді жатқызады. Сөзжасам саласы жеке орныққан соң туынды сөз ұғымының аясы кеңіді. Туынды сөз кең ұғым, туынды түбір туынды сөздің бір түрі ғана. Туынды сөзге синтетикалық және аналитикалық тәсілдермен жасалған жаңа мағыналы сөздердің бәрі жатады.

2. Түбір морфема сөздердің лексика-грамматикалық топтары үшін бірдей ортақ морфема ретінде қызмет етеді. Мысалы, К.Ахановта келтірілген *бас* морфемасы – бастық, басшы, баспа, бассыз, басқар зат, сын есім сөздердің де, етістіктердің де түбірі. Ал *негіз* әртүрлі лексика-грамматикалық топтардағы сөздердің емес, бір лексика-грамматикалық топтағы сөздерге ортақ морфема болып табылады. Мысалы, *басшы, басшыға, басшымен, басшыны* т.т. ортақ морфема негіз. *Басқар, басқарды, басқармақ, басқарады* негізі - басқар. Сонда, К Аханов айтқандай

аналады. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды мынау: түбір морфема – сөздердің қандай лексика-грамматикалық топқа (қай сөз табына) жататындығына қарамастан, олардың бәріне бірдей тән, күллісіне бірдей ортақ, баршасына бірдей негізгі ұйтқы болатын элементте, негіз – белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (сөз табына) қатысты бір сөздің әр түрлі формаларының бәріне бірдей ортақ ұйтқы.

Негіз мен түбір айырмасы туралы Қ.Жұбановтан да табамыз. Ол түбір сөзге қосымша жалғануы арқылы пайды болған сөзге қатысты мынадай ой айтады: «Түбір сөз де, үстеулі сөз де сөздің өз басының мағынасын беретін болғандықтан бұл екеуін бір қосып негіз сөз дейміз. Түбір негізді түп негіз, үстеулі негізді туынды негіз дейміз. Көл-де, көлшік-те деген екі сөздің негіздері алдыңғысында көл, кейінгісінде көлшік. Көл – түп негіз, көлшік – туынды негіз»

Жалаң сөздің құрылымында аффикстер үлкен рөл атқарады. Аффикстер жайлы алдағы дәрістерде жеке айтамыз.

2. Қысқарту жолы (С.Исаевта қысқарту тәсілі) 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» еңбегінде аналитикалық тәсілдің сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарту амалдары қатарында қарастырылған. Сөзқосым - біріктіру. С.Исаев қысқартуды күрделі сөздердің жасалу жолына жатқызғанымен, оны сөзжасамның аналитикалық тәсіліне қоспайды. Сөзжасамның аналитикалық немесе синтаксистік тәсілін «сөздерді (әр тұлғадағы түбірлерді) біріктіру, қосарлау, қайталау, тіркестіру арқылы жаңа сөз жасау процесі» деп сипаттаған. Оның айтуында, «қысқарту тәсілі жаңа сөз тудырмайды. Бұл тілдегі сөздерді ықшамдау, үнемдеу амалы. Сөздерді қысқартып алуда сөзжасамдық сипат жоқ». Мысалы, ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы күрделі атаулардың мағынасына ешбір өзгеріс енбейді. Тек көп сөзді, ұзақ атауды қысқарту ғана. Сондықтан қысқарту сөзжасамның аналитикалық тәсіліне жатпайды.

Біріктіру (кіріктіру) арқылы жаңа мағыналы күрделі сөздер жасалады. Сөздерді біріктіруде екі нәрсе байқалады: 1) сөздер ешбір тұлғалық өзгеріске түспей бірігеді (біріккен сөз) 2) тұлғалық өзгеріске түсіп бірігеді (кіріккен сөз). Өнеркәсіп, ақсақал, атбегі, аққұтан, бірқыдыру – БС; апар, әпер, қолғанат, ағайын, қарлығаш, білезік, сәресі (сахар асы), сексен, тоқсан .

Тіркестіру тәсілі арқылы жаңа сөз жасалғанда бірнеше сөз тіркесіп келіп, бір ұғымды білдіреді. Бірақ олар бөлек жазылу тәртібін сақтайды. Мысалы, қара торы, темір жол, ортан жілік, тоқ ішек, он бес т.т. Біріктіру мен тіркестіру жолдарының арасы өте жақсын. Бірнеше сөздің бірігіп, тіркесіп барып күрделі сөз болуы нәтижесінде біріккен сөздердің де, тіркесті сөздердің де компоненттері арасындағы синтаксистік байланыс өшіріліп, олар тұтасып кетеді де, сөйлемде бір сөз мәнінде жұмсалып, бір ғана синтаксистік қызмет атқарады. Арасы жақындығы: 1) тіркесті сөздердің біразы дыбыстық өзгерістерге ұшыраудың нәтижесінде біріккен сөздердің кіріккен түріне ауысқан (қолқанат – қолғанат, бел бау – белбеу). 2) біріккен және тіркесті сөздер орфографиялық жағынан, яғни бірге не бөлек жазылу емлесі бойынша ғана ажыратылады. 3) екеуінің де жасалу жолы бір. Екеуі де әдеттегі сөз тіркесінен фонетикалық, лексика-семантикалық, факторлардың әсері нәтижесінде қалыптасады (қарақат – қара қат).

Біріккен және тіркесті сөздердің компоненттері арасындағы байланыс әртүрлі сөз таптарынан болады: сары май – сын есім мен зат есім, айбалта – зат мен зат есім, үшбұрыш – сан есім мен зат есім, бүгін – есімдік пен зат есім, кең жауырынды – сын есім мен сын есім, он алты – сан есім пен сан есім. Олар орын тәртібі арқылы арқылы қабыса, ілік септіктің түсіп қалған түріндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесуінен изафеттік

тіркес (отағасы, жаздыгүні), және аз да болса меңгеру (ендігіәрі – ендігіден әрі, бойжеткен – бойға жеткен, қаптесер – қапты тесер, ойынкұмар – ойынға құмар).

Қосарлау жолы. Қосарлау жолының қайталама түрінің сөзжасауға қатысы жайлы пікірлер әртүрлі. Қайталама қос сөздер семантикалық жағынан сан түрлі. 1989 жылғы сөзасам еңбегінде қора-қора, мая-мая, айтып-айтып, қап-қара, жап-жасыл, шай-пай, қыз-мыз қайталама қос сөздерді енгізген. С.Исаев бұлардан сөзжасамдық сипат іздемейді: сөзжасамдық қасиет жоқ дейді. Бұларды ғалым тұлғажасамдық көрсеткіштер деп қараған. Ал бір сыңары қосымшалы, кейде екі сыңары да қосымшалы қос сөздерді табиғаты жағынан сөзжасамға жақын дейді. Олар мысалы, көзбе-көз, қолма-қол. Себебі бұлар адвербиалданып кеткен. Айта-айта, сөйлей-сөйлей т.т. қимылдың әлденеше рет болғандығын білдіреді, яғни семантикалық сипаты жағынан адвербиалданып кеткен және де осы түрінде етістіктің тұлғаларымен түрленбейді: айта-айтамын, айта-айтады делінбейді.

2. Араб-парсы сөздерінің қазақ тіліндегі туынды сөздерді жасауға қатысуы ерекше әрі сан түрлі. Араб, парсы кірме сөздері қазақ тілінің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады, әсіресе тіркес құруда, сондай-ақ бір тобы семантикалық жағынан сіңісіп, игеріліп, қазақыланып кеткен, Тілдегі араб-парсы сөздері тарихи дамуы барысында мағыналық, дыбыстық өзгерістерге түсіп отырған. Мұны Қ.Жұбанов атап өтеді. Н.Сауранбаев пікірінше, ол тілдерден енген сөздер қазақ тілінің ішкі заңына бағынып, қазақыланып кеткен. Бұл тарихи фактілер жайлы А.Құрышжановтың «Исследования по лексике «Тюркско-арабского словаря» (1970) («Кодекс куманикустағы» кірме сөздерді салаларына қарай 16 топқа бөлген), Л.Рүстемовтің «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері». Еңбектерінен толық ақпарат аласыздар.

Қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесіне араб-парсы сөздерінің қатысы мынадай түрлерде көрінеді:

- 1) Бірақатар араб-парсы сөздері қазақ тіліне жұрнақтарымен тұтаса туынды түбірлер ретінде кірген: араб: мәдениет, әдеби, қаһарман т.б.; парсы: дұшпан, данышпан, шаһзада, баһарстан т.б. Бірқатар араб сөздері парсы қосымшаларын қабылдаған: пайдақор, пәлекор, балгер, құмарпаз, бейхабар т.б.
- 2) Қазіргі қазақ тіліне араб, парсы сөздері ешбір жұрнақсыз жеке сөздер ретінде кірген. Мысалы, араб: қаулы, марқұм, мақала, мінбер, зәйтүн, мешін, зады, лазым, дәйім, тарап т.б.; парсы: жапан, жаран, ант, нәркес, тандыр, кешен т.б.
- 3) Кейбір араб парсы сөздері көмекші етістіктермен тіркесіп, жаңа сөздер жасауға қатысады. Мысалы, араб. медет болу, ләм демеу, мұрсат беру, назар салу т.б.; парсы: азат беру (болу), азар болса, әз тұту, паш ету, мысы басу т.т.
- 4) Кейбір сөздер бөлігі бір сөздермен немесе араб парсы сөздері өздері тіркесіп, қосарланып, кіріге бірігіп келеді. Мысалы, араб: баз біреулер, әз аға, баз уақытта, таңсәрі, қаулы-қарар т.б.; парсы: талан-тараж, шартарап т.т. Абырой – аб – парсы сөзі «су», руй - бет, абжылан – су жылан, шалап – шала су, мұрап – кіріккен сөз: мұр+аб, мұр араб сөзі «мир, амир», аб - парсы сөзі «су», сонда судың әкімі. Бұған мысал апта күндерінің атаулары: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі.

Сондай-ақ араб-парсыдан басқа тілдерден енген сөздердің де туынды сөздер, күрделі сөздерді жасауға қатысы бар. Мысалы, жәрмеңке – неміс тілінен, jahr – жыл, markt – сауда, жылына бір рет сауда ұйымдастыру. Кимоно – жапон тілінің ки – кию, моно – зат, нәрсе. Телефон – гректің tele -алыс, phone – дыбыс сөздерінен, Қатонқарағай – катон – моңғол тілінде – қайың.

Аласапыран, алақыран(алақырғын), алашапқын, алабалта (қару) т.б. – ала сөзінің қазіргі түс мағынасымен байланысы жоқ (Б.Қасым. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. 2000). Ала сөзінің көне түркілік мағынасы – талау. Ол мағына ескірген. Кейіннен бұл сөздің мағынасы тонау, шабу, соғыс мағыналарына дейін кеңейген. Оған дәлел: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Неге

иткөйлек, себебі дәсүр бойынша көйлекті итін мойнына байлап жіберген. Жаубүйрек – астың атауы, жауқазын – гүл, жау көне түркіде май мағынасын берген. Сарғалдақ – қызғалдақ – ғалдақ көне түркіде гүл сөзі болған. Жиеншар – шар сөзі түркі тілдерінде «тұқым» деген мағынаны білдіреді.